

2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Жамбыл облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 30-3 Шешімі.
Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 22 желтоқсанда 1766 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 8-бабына және «2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына сәйкес облыстық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. 2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2011 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:
- 1) кірістер – 116 520 257 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 10 530 414 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 175 343 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 100 000 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 105 714 500 мың теңге;
 - 2) шығындар – 117 653 149 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу – 75 494 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 736 744 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 661 250 мың теңге;
 - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 875 971 мың теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 775 971 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы – - 2 084 357 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 2 084 357 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.02.21 № 31-2; 2011.03.15 № 32-4; 2011.04.14 № 34-2; 2011.04.25 № 35-2; 2011.06.29 № 37-4; 2011.08.18 № 38-2; 2011.10.28 № 40-2; 2011.12.14 № 42-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. 2011 жылы облыстық бюджеттен аудандық және қалалық бюджеттерге берілетін субвенция мөлшері 35 703 637 мың теңге сомасында белгіленсін:
- Байзақ ауданына – 3 179 952 мың теңге;
 - Жамбыл ауданына – 3 114 102 мың теңге;
 - Жуалы ауданына – 2 901 897 мың теңге;

Қордай ауданына	–	3	865	447	мың	теңге;
Меркі ауданына	–	3	010	172	мың	теңге;
Мойынқұм ауданына	–	1	642	708	мың	теңге;
Сарысу ауданына	–	2	546	424	мың	теңге;
Талас ауданына	–	2	332	906	мың	теңге;
Т.Рысқұлов ауданына	–	2	394	364	мың	теңге;
Шу ауданына	–	3	419	622	мың	теңге;
Тараз қаласына	–	7	296	043	мың	теңге.

3. “Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы” Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабына сәйкес 2011-2013 жылдары облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мекемелері мен ұйымдарының мамандарына қала жағдайында осы қызмет түрлерімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда айлықақылары мен тарифтік ставкаларының 25 пайызы мөлшерінде үстеме ақы төлеу үшін қаржы көзделсін.

4. 2011 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен:
эпизоотияға қарсы шараларды жүргізуге;
ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға; бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

жетім сәбиді (жетім балалар) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған сәбиді (балаларды) асырап бағу үшін қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайын ақша қаражаттарын төлеуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіруді ұйымдастыру мен жүргізуге;
мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін арттыруға;

өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың өндірістік оқыту шеберлеріне қосымша төлеуді белгілеуге;

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға жалақыны ішінара субсидиялауға, жұмыспен қамту орталықтарын құруға.

Ескерту. 4-тармаққа толықтыру енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.03.15 № 32-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

5. 2011 жылға көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен өңірлерде «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы» шеңберінде аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне жастар практикасын ұйымдастыруға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

6. 2011 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет және облыстық бюджет қаржысы есебінен: ауылдық (селолық) елді мекендерді, қалаларды ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға; білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға; мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй салуға және (немесе) с а т ы п а л у ғ а ; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға арналған нысаналы даму трансферттердің бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға.

Ескерту. 6-тармаққа толықтыру енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.03.15 № 32-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

7. 2011 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттің кредиттері есебінен тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға сыйақының нөлдік ставкасы бойынша, ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға аудандар мен Тараз қаласының бюджеттерін кредиттеуге берілетін сомалар Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

8. 2011 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне облыстық бюджет қаржысы есебінен нысаналы ағымдағы және даму трансферттердің бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

9. Облыстық жергілікті атқарушы органның резерві 108 789 мың теңге мөлшерінде бекітілсін.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.10.28 № 40-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

10. 2011 жылға арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

11. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы

Ә. БЕГІМБЕТОВ

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

Ә. ӘСІЛБЕКОВ

Жамбыл

облысы

мәслихатының

2010

жылғы

13

желтоқсандағы

№ 30-3 шешіміне 1-қосымша

2011 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.12.14 № 42-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Санаты		Атауы		Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
	1		2	3
			1. Кірістер	116 520 257
1			Салықтық түсімдер	10 530 414
	01		Табыс салығы	5 379 333
		2	Жеке табыс салығы	5 379 333
	03		Әлеуметтік салық	4 232 897
		1	Әлеуметтік салық	4 232 897
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	918 184
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	918 184
2			Салықтық емес түсімдер	175 343
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	28 734
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	500
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	500
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 734
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	23 000
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	146 609
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	146 609
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	100 000
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	100 000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	100 000
4			Трансферттердің түсімдері	105 714 500

01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	205 782
	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	205 782
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	105 508 718
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	105 508 718

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
		Атауы		
1		2		3
			2. Шығындар	117 653 149
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 330 379
	110		Облыс мәслихатының аппараты	43 398
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	42 998
		003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	400
	120		Облыс әкімінің аппараты	841 767
		001	Облыс әкімнің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	608 012
		002	Ақпараттық жүйелер құру	49 904
		003	Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	128 033
		004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	55 818
	282		Облыстық тексеру комиссиясы	74 081
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер	36 981
		003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	37 100
	257		Облыстың қаржы басқармасы	278 721
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	101 634
		003	Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолға талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	56 963
		009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	1 605
		010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	535
		013	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	9 490
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	108 494
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	92 412
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	77 247
		005	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	15 165
02			Қорғаныс	213 233

	250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	77 912
	003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	66 076
	007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	11 836
	250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	135 321
	001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 844
	004	Облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	332
	005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	13 581
	006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	83 024
	009	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	6 540
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	4 158 223
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	4 158 223
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 223 883
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	703
	006	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	744 692
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	29 189
	014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	13 445
	015	Қызмет жануарларын ұстауды ұйымдастыру	94 357
	016	«Мак» операциясын өткізу	23 050
	018	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	839
	019	Көші-кон полициясының қосымша штат санын ұстау, материалдық-техникалық жарақтандыру	24 708
	020	Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау	3 357
04		Білім беру	16 666 329
	261	Облыстың білім басқармасы	1 772 784
	027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 374 079
	045	Республикалық бюджеттен аудандық бюджеттерге (облыстық маңызы бар қалаларға) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының көлемін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	398 705
	260	Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1 800 943
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 479 159
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	321 784
	261	Облыстың білім басқармасы	1 974 622

	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 196 559
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	512 489
	048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтарымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	122 100
	058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	143 474
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	281 671
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	281 671
261		Облыстың білім басқармасы	3 017 041
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	2 912 805
	034	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу-өндірістік шеберханаларды, зертханаларды жаңарты және қайта жабдықтау	72 523
	047	Өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың өндірістік оқыту шеберлеріне қосымша ақыны белгілеу	31 713
252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	62 805
	007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	62 805
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	110 834
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	110 834
261		Облыстың білім басқармасы	707 174
	010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	62 815
	035	Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру үшін оқу жабдығын сатып алу	28 000
	052	Жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасын іске асыру шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	613 235
	060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	3 124
261		Облыстың білім басқармасы	2 021 402
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	70 253
	004	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	5 291
	005	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	40 814
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	139 107
	011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	133 532
	012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	33 899
	013	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	3 900
		Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне «Өзін-өзі тану» пәні бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта білім беру, техникалық	

	023	және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілікті арттыру институттарын оқу материалдарымен қамтамасыз етуге арналған облыстық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер	98 942
	029	Әдістемелік жұмыс	26 716
	033	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	165 413
	042	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етуге аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	157 783
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 145 752
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 917 053
	009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	3 084 007
	010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	1 632 540
	011	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	200 506
05		Денсаулық сақтау	23 890 787
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	208 047
	004	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, бастапқы медициналық-санитарлық көмек және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарын жіберу бойынша стационарлық медициналық көмек көрсету	208 047
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	602 879
	005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдарын және дәрілерді өндіру	242 878
	006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі қызметтер	191 942
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	167 096
	017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	963
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 796 682
	009	Туберкулезден, жұқпалы және психикалық аурулардан және жүйкесі бұзылуынан, соның ішінде жүйкеге әсер ететін заттарды қолданылуымен байланысты зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	3 731 675
	019	Туберкулез ауруларын туберкулез ауруларына қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	83 254
	020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	625 276
	021	Онкологиялық ауруларды химия препараттарымен қамтамасыз ету	143 101
	022	Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі, миастениямен ауыратын науқастарды, сондай-ақ бүйрегі транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	85 036

	026	Гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторлармен қамтамасыз ету	213 219
	027	Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырып сатып алу	903 334
	036	Жіті миокард инфаркт сырқаттарын тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	11 787
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	8 619 673
	010	Республикалық бюджет қаражатынан көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, халыққа амбулаторлық-емханалық көмек көрсету	7 902 925
	014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету	716 748
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 219 150
	011	Жедел медициналық көмек көрсету және санитарлық авиация	1 187 019
	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	32 131
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 156 283
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 597
	008	Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	37 902
	016	Азаматтарды елді мекеннің шегінен тыс емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	17 720
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметі	39 165
	028	Жанадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстау	62 787
	030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	9 345
	033	Денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарының күрделі шығыстары	1 867 047
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	33 720
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	5 288 073
	013	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	5 288 073
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 089 563
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 178 101
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	540 191
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	353 916
	014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	92 243
	015	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) жүйкесі бұзылған мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	191 751
261		Облыстың білім басқармасы	458 384
	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	433 401
	037	Әлеуметтік сауықтандыру	24 983

	281	Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	47 077
	014	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	47 077
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	167 954
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	167 954
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	237 172
	001	Жергілікті деңгейде облыстың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80 015
	007	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5 361
	018	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	3 006
	037	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттері	140 163
	038	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға облыстық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттері	8 627
265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	875
	018	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасына қатысушыларды кәсіпкерлікке оқыту	875
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	9 810 028
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	1 857 329
	012	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	586 000
	022	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	65 111
	048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	950 000
	049	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	236 218
	063	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдардың дамуына аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері	20 000
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	26 527
	007	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде су шаруашылығы құрылыстары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды жөндеу	26 527
279		Облыстың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 758 393

	001	Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44 178
	004	Елді мекендерді газдандыру	1 942 749
	005	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	3 707
	008	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымында дамыту, орналастыру және (немесе) сатып алу дамытуға арналған нысаналы трансферттері	50 000
	010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	859 080
	012	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	443 004
	014	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы трансферттері	649 670
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	766 005
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	3 163 739
	021	Коммуналдық шаруашылық объектілерін дамыту	348 450
	050	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	2 000 988
	051	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	814 301
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 040
	025	Қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер	4 040
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	4 514 760
262		Облыстың мәдениет басқармасы	851 884
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30 739
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	127 671
	005	Тарихи-мәдени мұралардың сақталуын және оған қол жетімді болуын қамтамасыз ету	221 210
	007	Театр және музыка өнерін қолдау	433 132
	011	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	1 000
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер	38 132
260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1 584 017
	001	Жергілікті деңгейде туризм, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	39 479
	003	Облыстық деңгейінде спорт жарыстарын өткізу	16 647
	004	Өртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1 522 928
	010	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	4 963

281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	1 048 975
	028	Спорт және туризм объектілерін дамыту	1 048 975
259		Облыстың мұрағаттар және құжаттама басқармасы	195 291
	001	Жергілікті деңгейде мұрағат ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 633
	002	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	174 213
	005	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5 445
262		Облыстың мәдениет басқармасы	116 326
	008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	116 326
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	340 123
	007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	340 123
264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	100 567
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 641
	002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	67 282
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	6 644
260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	9 558
	013	Туристік қызметті реттеу	9 558
260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	608
	002	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде спорт объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	608
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	267 411
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	145 954
	003	Жастар саясаты саласында өңірлік бағдарламаларды іске асыру	66 157
	005	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5 300
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер	50 000
09		Отын- энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	51 047
	279	Облыстың энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы	51 047
	007	Жылу- энергетикалық жүйені дамыту	51 047
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	9 309 996
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	2 563 980
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 694
	002	Тұқым шаруашылығын қолдау	194 734
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	6420
	010	Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау	491 146
	011	Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығындылығы мен сапасын арттыруды мемлекеттік қолдау	332 770
	014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	14 017
	016	Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіруді қамтамасыз ету	121 960

	020	Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын арзандату	874 146
	029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	8 842
	031	Ауыл шаруашығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу)	386 759
	099	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	48 492
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	318 195
	033	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	318 195
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	374 347
	003	Коммуналдық меншіктігі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	48 000
	004	Ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру	326 347
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 010 735
	034	Су шаруашылығының объектілерін дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы трансферттер	10 735
	059	Республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттер есебінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы бойында Шу өзенінде жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізу	4 000 000
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	495 559
	005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	491 064
	006	Жануарлар дүниесін қорғау	4 495
255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	1 694
	034	Тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	1 694
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	198 451
	001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59 520
	008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	133 933
	013	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	4 998
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	233 239
	036	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	233 239
251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	63 038
	001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 043
	003	Жер қатынастарын реттеу	20 000
	010	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	4 995
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер	12 000
255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	1 050 758

		013	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау	283 694
		026	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	761 861
		028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызмет көрсету	5 203
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	128 963
	267		Облыстың мемлекеттік сәулет- құрылыс бақылауы басқармасы	24 903
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 307
		003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5 596
	272		Облыстың сәулет және қала құрылысы басқармасы	104 060
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 976
		002	Қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	83 972
		004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	1 112
12			Көлік және коммуникация	6 293 263
	281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	6 173 964
		038	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 643 381
		039	Көлік инфрақұрылымын дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері	73 424
		040	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын (қала көшелерін) күрделі және орташа жөндеуден өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 457 159
	281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	119 299
		043	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	100 741
		046	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	18 558
13			Басқалар	1 940 231
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	84 981
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 981
		002	Мемлекеттік органдардың күрделі шығындар	5 000
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	131 280
		009	Республикалық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	131 280
	257		Облыстың қаржы басқармасы	108 789
		012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	108 789
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	100 697

	003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету және оған сараптама жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	100 697
265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	387 690
	014	«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша проценттік ставкаларды субсидиялау	263 160
	015	«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	75 000
	016	«Бизнестің 2020 жылға дейінгі жол картасы» бағдарламасы шеңберінде бизнес жүргізуді сервистік қолдау	49 530
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	1 126 794
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	100 594
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5 710
	058	«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	1 010 490
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10 000
15		Трансферттер	37 256 347
257		Облыстың қаржы басқармасы	37 256 347
	007	Субвенциялар	35 703 637
	011	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1 114 590
	024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	338 120
	029	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар іс-шаралар жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	100 000
		3. Таза бюджеттік кредит беру	75 494
		Бюджеттік кредиттер	736 744
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	512 000
281		Құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	512 000
	015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға кредит беру	512 000
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	204 744
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	204 744
	025	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	204 744
13		Басқалар	20 000
265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	20 000

		009	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету	20 000
--	--	-----	---	--------

Санаты		Атауы		Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
Ішкі сыныбы				
1		2		3
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	661 250
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	661 250
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	661 250

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
1		2		3
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	875 971
			Қаржы активтерін сатып алу	875 971
13			Басқалар	875 971
	257		Облыстың қаржы басқармасы	875 971
		005	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	875 971

Функционалдық топ Атауы				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
1		2		3
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)		-2 084 357
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)		2 084 357

Санаты		Атауы		Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
Ішкі сыныбы				
	1		2	3
7			Қарыздар түсімі	736 744
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	736 744
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	736 744
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	2 008 863

Функционалдық топ Атауы	Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	

02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	103 524 696
1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	103 524 696

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1		2		3
		2. Шығындар		111 706 724
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		1 458 873
	110	Облыс мәслихатының аппараты		52 045
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51 613
		003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	432
	120	Облыс әкімінің аппараты		1 146 503
		001	Облыс әкімнің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	517 454
		003	Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	512 534
		004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	116 515
	257	Облыстың қаржы басқармасы		172 940
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	105 963
		003	Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолға талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	60 644
		009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	1 717
		010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	572
		013	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	4 044
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы		87 385
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	77 385
		005	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	10 000
02		Қорғаныс		158 336
	250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы		33 561
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	27 317
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	6 244
	250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы		124 775
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34 914

		004	Облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	445
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	14 783
		006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	74 633
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	3 886 001
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	3 886 001
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 508 737
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	752
		006	Мемлекеттік органдардың күрделі шығындар	212 752
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	29 306
		014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	11 048
		015	Қызмет жануарларын ұстауды ұйымдастыру	109 606
		019	Көші-кон полициясының қосымша штаттық санын материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау, оралмандарды құжаттандыру	10 621
		020	Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау	3 179
04			Білім беру	16 721 750
	261		Облыстың білім басқармасы	1 050 039
		027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 050 039
	260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1 702 755
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 396 148
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	306 607
	261		Облыстың білім басқармасы	2 129 892
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 270 338
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	562 455
		048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтарымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	147 492
		058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	149 607
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	308 022
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	308 022

261		Облыстың білім басқармасы	2 875 014
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	2 875 014
252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	58 112
	007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	58 112
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	115 979
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	115 979
261		Облыстың білім басқармасы	90 155
	010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	90 155
261		Облыстың білім басқармасы	1 370 044
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 995
	004	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін акпараттандыру	4 785
	005	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	43 975
